



**«ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ
МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР:
ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН
АШЫЛЫМДАР» тақырыбында
белгілі ғалым, археолог, педагог,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Археология, этнология және музеология
кафедрасының негізін салушы
Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың
100 жылдығына арналған дәстүрлі
«XIV Оразбаев оқулары»
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

28–29 қазан, 2022 жыл



**PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIV Orazbayev Readings» on the theme
«INTERCULTURAL CONTACTS
IN ANTIQUITY AND THE MIDDLE AGES:
NEW RESEARCH AND DISCOVERIES»,
dedicated to the 100th anniversary
of the birth of the famous scientist,
archaeologist, teacher,
founder of the Department of Archeology,
Ethnology and Museology
of the Al-Farabi Kazakh National University –
Abdumanap Orazbayev**

28–29 october, 2022



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



**«ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР:
ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН АШЫЛЫМДАР»** тақырыбында белгілі ғалым, археолог, педагог,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музееология
кафедрасының негізін салушы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың 100 жылдығына
арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

28–29 қазан, 2022 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIV Orazbayev Readings» on the theme
«INTERCULTURAL CONTACTS IN ANTIQUITY AND THE MIDDLE AGES: NEW RESEARCH AND
DISCOVERIES», dedicated to the 100th anniversary of the birth of the famous scientist,
archaeologist, teacher, founder of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the
Al-Farabi Kazakh National University –
Abdumanap Orazbayev

28–29 october, 2022

Алматы
«Қазақ университеті»
2022

УДК 902/904 (5)
ББК 63.4 (5)
О-72

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев – филология ғылымдарының докторы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры

Редакциялық алқа:

Х.С. Тасыбеков – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор; **Р.Е. Харипова** – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры; **М.О. Амиргалиев** – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры; **Д.С. Байгунаков** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы; **Ә.Т. Төлеубаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Археология және антропология» ҒЗИ директоры.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушы

Б.Б. Бесетаев

«Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 212 б.

ISBN 978-601-04-6065-2

«XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2022

ISBN 978-601-04-6065-2

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Т. Болсынбек

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: tbolsynbek77@gmail.com

Қазақ тұрмысындағы шам түрлері

Қазақтың шаруашылық-тұрмысында ерте кезден күні бүгінге дейін шам түрлерін қолданады. Шам – жарық беру үшін пайдаланылатын, маймен жанатын тұрмыстық бұйым. Ертеде шамды әзірлеу үшін шұңғылдау шағын ыдысқа білтені бірнеше қатарға дөңгелете шиыршықтап салып, оған май құйып дайындаған. Қолдан білтені кендір, мақта, терек қабықтарының талшықтарынан ұзын таспа немесе жіп түрінде дайындаған. Сондай-ақ, майды жақсы сіңіретін ескі матаны да ширатып салып, ұшын ыңғайына қарай ыдыс жиегінен немесе орта тұсынан шығарып тұтатқан. Шамға қажетті майды *қойдың іш майы* мен *құйрық майынан* сонымен қатар, қалған қалдық майларды да жинап, оны ерітіп әзірлеген. Қолданып жүрген білте (мата) түтеп кетпес үшін, ыдысқа тиісті мөлшерде май құйылып қадағаланып отырылған. Шаруашылық ортада шамның қалай дайындалғаны туралы зерттеуші А.И. Добросмыслов Торғай өңірі қазақтарының тұрмысын зерттеген еңбегінде мынадай мәлімет келтіреді: *«Шамды әзірлеу үшін кішігірім ыдысқа ерітілген майды құйып, оған білтені матырып алып, оның ұшын ыдыс жиегіне шығарып қойған. Осындай қарапайым тәсілмен шам даярланған, оны жаяушам деп атайды»* (Добросмыслов, 1895, 55). Шамды кеш батқан кезде үй ішіне жарық түсу үшін, сонымен бірге түн ішінде бесіктегі нәрестені емізу қажет болғанда жаққан.

Жаяушаммен қатар, шаруашылық ортада шамның *майшам, сықсима, соқыр шам, білте шам, балауыз шам, жалтылдақ шам, жермаймен* (керосин жанармайының халық арасындағы атауы) *жанатын шам, аспалы шам, самала, жетілік шам, ондық шам, жиырмасыншы шам* сияқты атау түрлерімен кездеседі. Осы шам атауларының кейбірінің мағынасына тоқталып өтсек: *майшам – маймен жанатын шам; соқыр шам – жарығы әлсіз, сығырайып жанатын, білтелі май шам; білте шам – әртүрлі мақта-матадан жасалған білте арқылы жарық беретін шам; балауыз шам – малдың тез қататын майынан, парафиннен (балауыз тәрізді ерігіш зат) жасалынған білтелі құйма шам; аспалы шам – жоғары көтеріп, ортаға іліп қойған шам; жайдақ шам – түтін тартатын шынысы жоқ шам; жетілік шам – беретін жарығы әлсіз, жермайды аз тұтылатын білтелі шам; ондық шам – жарығы орташа жермай шам; жиырмасыншы шам – шишасының көлемі үлкен, жарықты молдау беретін жермай шам* (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 231-232). Аталған шам түрлерінің ішінде арнайы зауытта жасалатын *жермаймен* жанатын шамнан басқаларының жасалу техникасы бір-біріне ұқсас.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (әрі қарай – ҚР MOM) тарихы тереңде жатқан мәдени, әрі ғылыми-зерттеу орталығы болып саналады. Онда көптеген материалдық құндылықтармен қатар, тарихи маңызы бар фотоқұжат материалдары да сақтаулы. ҚР MOM тек Қазақстан көлемінде ғана емес, сонымен бірге шетелдің көптеген музейлерімен, архивтерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келеді. Атап айтқанда, Ресей Ғылым Академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера), Ресей этнографиялық музейі, Омбы тарихи-өлкетану музейі (Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор қалалары) және т.б. Аталған музейлермен ҚР MOM әр жылдары профессор Нұрсан Әлімбайдың ғылыми жетекшілігімен «Ресей Ғылым Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорындағы қазақ тарихи этнографиясына қатысты коллекциясы» (№0212PK00042), «Ресей этнографиялық музейі қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты этнографиялық коллекциялар» (№0114PK00532), «Қазақтың дәстүрлі қолөнерінің тарихи-этнографиялық деректілігі. Монография каталог» (№01170K00039), «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы фотоқұжатты деректер (отандық музейлер коллекциясы бойынша). Ғылыми каталог» (BR08555285) (соңғы аталған жобаға Нұрсан Әлімбай 2022 ж. дейін жетекшілік етті) атты ғылыми-зерттеу жобаларымен шұғылданып, арнайы іссапарлар ұйымдастырды. Жұмыс барысында аталған музейлер қорынан қазақ коллекциясына қатысты көптеген құнды материалдармен, фотоқұжаттармен танысып, оларды зерттеп, саралап мүмкіндігінше сканкөшірмелері мен фотоқұжат көшірмелері алынды.

Енді ҚР MOM сонымен бірге, жоғарыда аталған музейлер қорындағы қазақ коллекциясына кіретін материалдардың ішінен тақырыпқа қатысты *шам*, *шамдал* түрлері мен олардың кейбірін фотоқұжат негізінде атрибуциялап өтеміз. Мысалы, ҚР MOM қорындағы КП 1790 нөмірлі самаланың (шеңбері 125 см) тұрмыста қолдану тәсілі кәдімгі май шамдағыдай ішіне май құйып, әрбір оттығына (барлығы 19, оның 2-і сынған) жеке-жеке білте қойылған (сурет 1). Аталған шам шойыннан жасалған, сонымен қатар мұндай шам түрін күйдірілген қыштан да даярлаған.



Сурет 1. Самала. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен.
ҚР MOM қорынан (КП 1790)

Үй ішіне кәдімгідей жарық беретін бірнеше оттығы бар шамның аса жарық түрі самаланы отырықшы жерлерде көбірек қолданған. Негізі хан ордаларында, дәулетті отбасында пайдаланылған. Самала әртүрлі биіктіктегі тұғырға орнатылады. Ал көшпелілер арасында самала шамның шағын түрлері болған, оны киіз үйдің шаңырағынан, сондай-ақ уықтың жоғары тұсынан салбырата ілген.

Қазақ даласында ертеде шамның астына қоятын, қабырғаға ілген кезде кигізетін түрлі (қыштан, металдан) формада шам қоюға арналып жасалған *құты*, *тұғырлар* болғанын археологиялық қазба зерттеулері дәлелдей түседі. Маймен жанатын шамның астына қоятын тұғырдың келесі бір түрі *шамдал* деп аталады. Шамдал әртүрлі пішінде басы мен мойны металдан, түп жағы кейде ағаштан нақышталып жасалады. Шамдал атауының тағы бір мағынасы үй бұрышына, қабырғасына ілетін *аспалы шамды* білдіреді. «Шамның сәні шамдалмен» деген паремиологиялық сөз тіркесі де бар.

ҚР MOM 2013 жылы ғылыми-зерттеу жобасы (№0212РК00042) бойынша Ресей Ғылым Академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейіне (Кунсткамера) ұйымдастырған іссапар барысында Кунсткамера қорындағы қазақ коллекциясынан 781-1 нөмірлі *шамдалдың* фотоқұжаты мен атрибуциясының көшірмесін алған болатын. Шамдал музейдің XX ғасырдың бас кезіндегі директоры В.В. Радловтың 1907 жылғы берген мәліметінде музей қорына 1886 жылы жинақтаушы Г.Е. Грум-Гржимайло өткізгендігі жазылған (сурет 2).



Сурет 2. Шамдал. РФА Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (781-1)

Шамның атауы әртүрлі болғанымен бәрінің қызметі жарық беру. Электр жарығы іске қосылғанға дейін жоғарыда аталған шам түрлерінің ішінде жермаймен жанатын шам кең қолданысқа ие болды. Оны қазірдің өзінде кейде электр жарығы болмай қалған жағдайда қолданылады. Бұл шамның қарапайым тәсілмен жасалған басқаларынан ерекшелігі мойнына әр жерде *мұржа*, *шиша*, *пәзір* деп аталып жүрген шыны түтік кигізіледі (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005. 756). Шамның шыны кигізетін ұясын *шілтер* дейді. Шілтер дегеніміз шамның шынысы мойнына кигізілетін тесік-тесік етіп жасаған қалқаны. Оның жоғарғы жиегін *шарбағы* дейді. Ал түп жағын *табаны* деп атайды. Шишаның ұзын және қысқа мойын түрлері бар. Майы біте бастағанда және тез ысталатындықтан оны үнемі сүртіп тазалап тұрған. Сынып қалмас үшін, шишаны пайдаланбаған кезде ортасынан жіп өткізіп жоғарыға іліп қойған.

ҚР MOM қорындағы КП 26711/4 нөмірімен тіркелген шамның биіктігі 18,8 см, диаметрі 10,8 см (сурет 3). Жермаймен жанады. Металдан жасалған шам дөңгелек пішінді, май құятын және табаны бар екі бөліктен тұрады. Шілтерінің ортасынан білте шығарылған. Шілтер сыртының түп жағында білтені жоғары-төмен түсіріп немесе отты күшейтіп, азайтып тұратын саусақпен бұрайтын тетік орнатылған.



Сурет 3. Шам. ҚР MOM қорынан (КП 26711/4)

Май құятын бөлігі шұңғылдау етіп жасалған. Одан төмен бөлігінде ұстауға қолайлы тұтқасы бар. Табан бөлігінің іші қуыс. Бұл шамды кезінде елге Сәкен қалпе деген есіммен танылған дін қайраткері, аудармашы, ғалым, хадисші ақын Сәдуақас Сәлменұлы Ғылмани (1890-1972) тұтынған.

ҚР MOM 2017 жылы ғылыми-зерттеу жобасы (№01170K00039) бойынша Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне ұйымдастырған іссапар барысында шам түрлерінің фотосуреттері мен атрибуцияларының көшірмелерін алған болатын. Соларды атрибуциялап өтсек. Музей қорында 9410/1 нөмірімен тіркелген жиырмалық шамның биіктігі 13 см, диаметрі 11 см, сымнан жасалған бауының (каркасы) биіктігі 97 см, ені 30 см (сурет 4). Шам жермаймен жанады. Металдан дөңгелек пішінді етіп жасалған. Шілтерінің ортасынан білте шығарылған. Шілтер сыртына жақын тұстан білтені ары-бері жылжытатын, әрі отты күшейтіп, азайтып тұратын саусақпен бұрайтын тетік орнатылған. Шишасының жоғарғы бөлігінің жиектері сынған. Май құятын бөлігі қызғылт түсті бояумен боялған, табаны тегіс біткен. Шамды алып жүруге арналған сымнан жасалған тұтқасы бар.



Сурет 4. Жиырмалық шам.
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейі (9410/1) қорынан

Сонымен бірге, осы музей қорында сақтаулы 3981 нөмірлі шам ХХ ғасырдың 30-шы жылдары жасалған (сурет 5). Биіктігі 28 см. Жермаймен жанады. Шам дөңгелек пішінді, екі бөліктен тұрады. Бұл шамның ерекшелігі май құятын бөлігі металдан шұңғылдау етіп жасалған да, ұстайтын тұтқасы мен табаны шыныдан дайындалған. Табан бөлігі мен тұтқасының іші қуыс етіп жасалған. Шілтерінің ортасынан білте шығарылған. Шілтер сыртының түп жағында білтені жоғары-төмен түсіріп немесе отты күшейтіп, азайтып тұратын саусақпен бұрайтын тетік орнатылған.



Сурет 5. Шам. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі (3981) қорынан

Отты, шырақты ата-бабамыз кие тұтуына байланысты, дәстүрлі ортада көптеген ғұрыптар сақталған. Қайтыс болған марқұмның қырқына дейін үйінде шырақ немесе шамды өшірмейді. Оның мәнісі артында қалған ұрпағы *«түтінін түтетіп, отын сөндірмейді»* деген ұғымды білдіреді. Шамға байланысты қазақта түрлі ырымдар да бар, мысалы, *ұмытшақ* болады деп, келіннің шамды үрлеп сөндіруіне тыйым салады. Сонымен бірге, *«шырақты үрлеп өшірсе, адамның басынан баяғы таяды, жанып тұрған жарық сөнеді»*, деген наным-сенім қалыптасқан. Жалпы шамды сөндіретінде оны үрлемей, бас бармақ пен сұқ саусақ арасын дымқылдап алып, шамның білтесін қысып сөндіру қажет. Ол біріншіден, шамды үрлеп сөндіруді жаман ырымға баласа, екіншіден майлы білте сөнген соң, оның бықсыған түтінінің қоңсы иісі ортаға тарамас үшін де жасалады. Ырым-тыйымдармен қатар, шам сөзімен байланысты түрлі мақал-мәтелдер де тараған, олар: *«Ай жарығы – әлемге, шам жарығы – түбіне»*; *«Су ағады сайменен, шам жанады майменен»*; *«Жақсылардың үлгісі, жанып тұрған шамдай»*; *«Жақсының сөзі шамдай жарық, айдай анық»*. Сондай-ақ, *«Шам жарығы түбіне түспейді»* дегенде сөз бар. Қимыл әрекетті білдіретін *«шамды бұқтырды»*, *«шам етті»*, *«шам жақты»* және т.с.с. бейнелі сөздер де кездеседі (Қазақ сөздігі, 2013, 1387-б.).

Қазақтың даңқты ұлы Бауыржан Момышұлы өзінің нақыл сөздерінің бірінде өскелең ұрпаққа шамды мысал ретінде келтіре отырып адам бойында кездесетін тәкаппарлық пен қарапайымдылықтың айырмашылығын салыстырып үлкен ой тастайды (Ахметова, 2017, 228-229).

Ескерту: *Автор шам, шамдал туралы алғаш рет «Қазақтың этнографиялық категориялар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Азия Арна, 2014. 5-том: Ө-Я. – 840 б.» – атты ғылыми энциклопедияда жазған болатын.*

Әдебиеттер тізімі

- Ахметова З. Бабалар аманаты. Естелік-эссе. – Алматы: Полиграф-комбинат, 2017. – 416 б.
- Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург: Тургайский областной статистический комитет, 1895. – 365 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том. Ү-Я / Құрастырған: А. Жаңабекова, Т. Жанұзақов, Б. Әбілқасымов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 824 б.
- Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құрастырған: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Азия Арна, 2014. 5-том: Ө-Я. – 840 б.

TYPES OF LIGHTS IN KAZAKH LIFE

The article describes the method of preparation of a bilte lamp, which has been used in the daily economic life of Kazakhs. At the end of the 19th century and the beginning of the 20th century russian scientist Dobromyslov, who studied the economy and life of the Kazakhs of the Torgai region wrote about the method of making such a lamp. In the course of the article, it is said that the candle can be found in local places with the following names: candle, siksima, blind candle, bilte candle, wax candle, general candle, oil-burning candle, hanging candle, samala, seven candle, tenth candle, twentieth candle and so on. The meaning of some of the mentioned types of candles is explained as follows: candle is a candle that burns with oil; blind candle - a low-light, flickering oil candle; bilte lamp - a lamp that gives light through a bilte made of various cotton fabrics; wax candle - a cast candle made of quick-solidifying animal fat, paraffin (wax-like solvent); hanging lamp - a lamp that is lifted up and hung in the middle; zajdak lamp - a lamp without a glass that draws smoke; A perfect lamp is a lamp with a weak light output and low oil consumption; A tenth candle is an average light candle; The 20th candle is a candle with a large glass and a bright light. The author says that among the mentioned types of lamps, except for the oil (kerosene) lamp, which is made in a special factory, the technique of making them is similar to each other. At the same time, in the course of the article, we will focus on the types of candles, from the Kazakh collection kept in the fund of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan, as well as during the scientific business trips organized in the Republic of Kazakhstan and to the Russian Federation on the basis of special research projects of this museum. Some are described on the basis of photo documents. In the process of describing the types of candles stored in the museum fund, it is mentioned that some of them were consumed by people who were famous in the country. For example, a lamp used by Saduakas Salmenuly Gilmani (1890-1972), a scientist, translator, poet of hadith, known to the country as Saken kalpe, kept in the fund of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan. At the same time, in the article, the customs preserved in the country related to the candle, proverbs with educational meaning, and various examples are given.

А.К. Қыстаубаева

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: aigulkyst@mail.ru

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛІК САУДА (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Қазақ қоғамының экономикалық жағынан дамуында көшпелілердің отырықшы, егіншілікпен айналысатын елдермен дәстүрлі сауда байланыстары маңызды рөл атқарды. Солардың арасында XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. ортасында Ресеймен тауар айналымы басым болды. Сауда айырбас және ақша түрінде жүзеге асырылды. Ақша сату-сатып алу көбінесе орыс-украин шаруалары мен казак станицалары арасында жүзеге асырылса, айырбас сауда, негізінде, көшпелілермен жүргізілді. Қазақтардың орыс көпестерімен айырбас саудасы Орынбор, Троицк, Петропавл, Семей, Өскемен секілді, негізінде, солтүстік және солтүстік-шығыс елді мекендерде өрістеді. Тауар айналымы өзара тиімді болғандықтан, көпестердің сауда айналымы біртүрлі-бірте өсе түсті. 1858 ж. Сібір жолы бойындағы орыс-казак саудасының бүкіл тауар айналымы 4,5 млн, ал Орынбор жолында 2,5 млн. сом болды. Соның ішінде XIX ғасырдың 40-50-жылдарында Семей кедені арқылы шеттен әкелінетін және шетке шығарылатын тауарлардың 700 мыңнан 900 мың сомға дейін, Петропавл кеденінде 1,8 млн. сом, Омбы кеденінде 100 мың сомға жақын болып есептеледі. Қазақ ауылдарында орыстың мақта мен жүннен тоқылған маталары, балта, пышақ, ас үйдегі керек-жарақтары тәрізді металл бұйымдар, тері, күдері ине-жіп, айна-тарақ секілді ұсақ-түйек заттар үлкен сұранысқа ие болды. Шұға, мауыты, қант, тұз барлық жерде өтімді болды [Казакско-русские отношения в XVIII-XIX вв., 1964, 299]. Ішкі суданың айтарлықтай ауқымды болғанына қарамастан, жол жағдайының қолайсыздығынан саудагерлер өз жүктерін,

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ БІРЕР СЫР	3
Толеубаев Ә. Әбдіманап Оразбаевтың менің өмірім мен ғылымымдағы тағлымы.....	3
Омаров Ғ.Қ. Ұстаз туралы үзік сыр.....	8

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ХАҚЫНДА

Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Құрманязов И., Молдахмет А. Қышқала қалажұртында 2022 ж. жүргізілген қазба жұмыстары.....	13
Дашковский П.К. Предметы вооружения скифо-сакской эпохи из кургана № 30 могильника Ханкаринский дол (Алтай).....	17
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Ортағасырлық Арна төрткүлі (2021 ж. жүргізілген зерттеулер бойынша).....	22
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Шыңғыстаудағы Қырыққүңгір кешенді археологиялық ескерткіші.....	44
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. Ботай мәдениетінің әлеуметтік құрылымы мен діни-мифологиялық кешендері.....	51
Кепин Д.В., Титова Е.Н. Вклад М.И. Гладких в развитие археологического памятниковедения Украины.....	54
Ямаева Е.Е. Тамбовый знак «перстол» <i>ширее</i> на наскальном рисунке из бичикту-боом: в контексте интерпретации батальной сцены с участием фигур в «трехрогих» головных уборах.....	62
Бегалиев О. Арал маңының археологиялық мұралары: тарихи- мәдени зерттелуі.....	64
Елеуов М., Молдахмет А. 2021 жылы Қышқалада жүргізілген кесік қазба.....	68
Айтқұл Х.А., Құрбанәлі Ж., Қосжанова А.М., Рахымбай Б. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2021 ж. далалық зерттеулері.....	70
Сихымбаева К.Б. Едірей моласына одонтологиялық сипаттама.....	80
Бисембаев А.А., Сарсенов Ш., Уразова А.Б. Жайықтың оң жағалауындағы Бірлік I сармат қорғаны.....	85
Бисембаев А.А., Байымбетова Н.Р., Болатова Г.Б. Орта Електің ерте көшпенділер ескерткіштерін зерттеудің кейбір қорытындылары мен перспективалары.....	88
Ганиева А.С., Қунабаева Ш.Д., Рахманкулов Е.А., Кульжанова Б.Т. Опыт графической реконструкции казахского жилища (по археолого-этнографическим материалам).....	91
Ганиева А.С. Ерте темір дәуіріндегі Жетісу өңіріндегі үй құрылысының ежелгі дәстүрлері.....	98
Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М. Археологические коллекции музеев Казахстана.....	103
Сағындықова С.Т., Бесетаев Б.Б., Турсумбекова Р.О. Конское снаряжение и воинский пояс эпохи раннего средневековья из Восточного Казахстана.....	110
Жұмай Г. Талғар қалашығын зерттеушілер (археолог И.И. Копыловтың зерттеулері негізінде).....	116
Шарипов Р.Қ. Таңбалы тарихтан сыр шертеді.....	119
Торежанова Н.Ж., Кулиш А.В. Курган с четырехугольной оградой в урочище Актерек.....	122
Стамқұлова Г. Актерек шатқалында орналасқан петроглифтердің зерттелу тарихы.....	126
Түлегенов Т.Ж. Археологические работы на могильнике Рахат II в полевом сезоне 2019 г.....	130
Мякишева О.А. Типология памятников раннесредневековых тюрок в урочище Актерек.....	135
Абильмаликов К.К., Баянова Ж.К., Курманязов Ы.С. Трепанация черепа в ботайской археологической культуре.....	142
Гурсой М., Сиздинов Б. Мыңтөбе қорымында 2022 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері.....	148

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Болсынбек Т. Қазақ тұрмысындағы шам түрлері.....	158
Қыстаубаева А.К. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстандағы жәрмеңкелік сауда (фотоқұжаттар материалдары негізінде).....	162
Ибраева Л.К. Орталық Мемлекет музейінде ағаш,тері, сүйек қорының қалыптасу тарихы.....	169
Джолдыбаева У.М. Қазақстанға депортацияланған шешен халқы тарихынан.....	172
Бергенова А.Ж., Нургожина Б.Е. Традиция почитания казахских святых на территории современного Узбекистана на примере религиозно-культурного комплекса Сузук-Ота, г. Ташкент.....	177

Козгамбаева Г.С. Қазақстанға депортацияланған халықтардың күнделікті өмірі, Сталин дәуірінің шындықтарының бірі ретінде (XX ғ. 30-50 жж.).....	181
Қалыш А.Б., Аққалиева А.Ш. Қазақ қоғамындағы қыз «Алып қашуға» байланысты мәселелер.....	185

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ

Каримбаева З.Р. Гривна – нашейное украшение на территории Казахстана и Якутии.....	188
Сеитов Е.К. Исследование поселений бронзового века на реке Чаглинка (Шагалалы).....	190
Меделбек Ш. Погребальный инвентарь хунно-сяньбийского времени на могильнике Берел.....	195
Половцев М. Особенности погребального обряда на некрополе Берел в хунно-сяньбийское время...	199
Болатбекқызы С. Қазақ даласындағы қоныстардың қола дәуірінен XX ғасырға дейінгі архитектурасы.....	205

